

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№ 555

2020 жылғы 10 тамыз

**Ақтөбе облысы бойынша тексеру
комиссиясының төрағасына
тәртіптік жаза қолдану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 47-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 27-тармағына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 10 шілдедегі №10-11-23/1153-И хатына және Тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының ұсынған түсініктемесіне сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлына Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының қызметін бақылау барысында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен анықталған, 2020 жылғы ақпан - сәуір айларында жіберілген кемшіліктер, жүйелі бақылаудың жоқтығы және қызметті тиісінше ұйымдастырмағаны үшін ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ТАЛАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА